

Балқаш қаласы білім бөлімінің ҚМҚК «ЕрТөстік» бөбекжайында
2024 жылдың 6 қаңтарындағы №1 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын-
алу жөніндегі шаралар туралы» бұйрығымен таныстыру тақырыбында өткен
жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Күні: 06.01.2024ж

Өткізілген орны: «ЕрТөстік» б/ж әдістемелік кабинет7

Қатысқандар: Барлық ұжым мүшелері.

Күн тәртібі:

1. Жемқорлықтың алдын-алу шаралары. Ата-аналардан ақша жинауға немесе басқада педагогтардың қажеттілігіне пайдаланатын заттарға қатаң тыйым салынатыны жайында.

2. Педагог этикасы.

1.Бірінші сұрақ бойынша бөбекжай директоры Г.А. Куатбекова сөз алды. Ол кісі өз сөзінде Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мен білім беру ұйымдарында ішкі тәртіптік қағидалардың бұзушылығын болдырмау мақсатында шығарылған бұйрықпен таныстырды. Педагогикалық ұжымға жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал-жабдық сатып алу, нысандарды тазалау, мерекелік іс-шараларға мәжбүрлі түрде қаражат жинауға үзілді-кесілді тыйым салынатын қатаң ескертіп айтты. Және біз жемқорлықтың алдын-алу шаралары бойынша жұмыстарды күшейту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресіміз керек деді. Осы орайда әр топтағы ата-аналар комитетімен түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек екенін айтты. Осы бұйрықты тиісінше жүздеге асырмаған тәрбиешілер мен педагогтарға тәртіптік жазадан лауызымынан босатуға дейінгі шаралар қолданылатынын айтып, ескертті.

2. Екінші сұрақ бойынша кәсіподақ төрайымы Р.С. Муталиева сөз алды. Раушан Сапаровна өз сөзінде педагог этикасы туралы айтты. Ұжымның әрбір мүшесі этиканы сақтап, педагогтар арасында бір-біріне деген қарым-қатынас дұрыс болу керек деді. Сондай-ақ педагогтың сырт келбеті, киімі, жүріс-тұрысы туралы да айтып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қортынды:

Жемқорлық-індет, жою-міндет «Аса маңызды міндет-сыбаслас жемқорлықты болдырмау, егер сіз кез-келген жерде жемқорлыққа тап болсаңыз сенім телефондарына хабарласыңыздыр. Тек барлығымыз біріге отырып жемқорлықты жоя аламыз.

Шешімі:

1. Бөбекжай ұжымында қаражат жинауға қатаң тыйым салынады.
2. Бөбекжайдың қажеттілігі үшін заңсыз қаражат жинау мәселесі бойынша әр топтың ата-аналар комитеті мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдіскер Г.Спанбетоваға жүктелсін.

Директор:

Хатшы:



Г.А.Куатбекова

Ф. Айтжан.

